

Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі (Үстел-үсті театры)

Күні: 20.09.2024ж.

Мақсат-міндеті: Балаларға үстел үсті театрын ұсыну арқылы «Бауырсақ» ертегісін тамашалау. Кейіпкерлердің дауысын келтіре отырып, балалардың сезімдерін ояту. Балалардың шығармашылық белсенділігін, ертегіге қызығушылығын арттыру. Кейіпкерлерге сипаттама беру арқылы сөзік қорын дамыту. Бір-бірін сыйлай білуге, дос болуға тәрбиелеу.

Барысы:

Тәрбиеші: -Балалар, бүгінгі көңіл-күйлерің қандай?

-Сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдерме?

-Атамнанда қаштым, әжемненде қаштым - бұл қай ертегіден білесіңдерме?

-Әрине, «Бауырсақ» ертегісінен.

-Ендеше балалар, сендерді үстел үсті театры арқылы «Бауырсақ» ертегісін тамашалауға шақырамын.

Автор:

-Ертеде кемпір мен шал болыпты. Екеуі өте тату-тәтті өмір сүріпті. Бір күні шал бауырсақ жегісі келеді.

Шал:

-Кемпірау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші. Бауырсағыңды сағындымғой!

Кемпірі:

-Ау неден пісірейін, үйде ұн жоқ қой?

Шал:

Е, солда сөз болыппа?

Қойманың түбін қырнап көрсең, мүмкін ұн табылып қалар.

Автор:

Содан кемпірі іске кіріседі. Қойма түбін қырып-қырнап екі уыс ұн табадыда, қаймаққа шылап, қамыр илеп, бауырсақты майға пісіріп, суытуға терезе алдына қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ үйдің іргесінен жолға қарай домалай жөнеледі. Бауырсақ жолда зымырап бара жатса алдынан қоян шығады.

Қоян: - Бауырсақ-бауырсақ, сен сондай сүйкімдісің! Мен сені жеп қоямын.

Бауырсақ: - Жоқ, ақ қоян, сен мені жеме! Оданда менің әніме құлақ сал! Мүмкін ұнап қалар!

Қойма түбінен қырналып,

Бал қаймаққа шыланып

Қызарып піскен бауырсақпын

Мен атамнанда қаштым

Әжемненде қаштым

Енді қоян сенен қашу маған оңай!

Қоян: -Кетпеші бауырсақ. Қап, бәлем!

Автор:

-Бауырсақ алға қарай жүре береді. Бір кезде алдынан қасқыр шығады.

Қасқыр:

-Әй, бауырсақ, мен сені жеймін. Менің қарным ашып тұрғаны!

Бауырсақ:

- Сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін:

Қойма түбінен қырналып
Бал қаймаққа шыланып
Қызарып піскен бауырсақпын
Мен атамнанда қаштым,
Әжемненде қаштым
Қояннанда қашып келем
Енді қасқыр сененде қашып кетемін.

Автор:

-Осылай қашып келе жатса, алдынан қорбаңдап аю шыға келеді.

Аю:

-Бауырсақ-бауырсақ, мен сені жеймін.

Бауырсақ:

-Жоқ, сен мені жеме, мен саған өлең айтайын.

Қойма түбінен қырналып,
Бал қаймаққа шыланып
Қызарып піскен бауырсақпын
Мен атамнанда қаштым
Әжемненде қаштым
Қояннанда қаштым
Қасқырданда қаштым
Енді аю сененде қашу оңай маған!

Автор:

Сөйтіп бауырсақ келе жатса, қарсы алдынан түлкі шыға келеді.

Түлкі:

- Амансыңба, бауырсақ? Көргендерге ұнайды, жүзің неткен шырайлы!
Әніңді естіп келіп ем, мағанда айтшы сол әнді!

Бауырсақ:

Қойма түбінен қырналып,
Бал қаймаққа шыланып
Қызарып піскен бауырсақпын
Мен атамнанда қаштым
Әжемненде қаштым
Қояннанда қашып келем,

Қасқырданда қаштым

Аюданда қаштым

Ал түлкі сененде қашу маған оңай!

Түлкі:

Ай, қызарған бауырсақ!

Қашпа менен сен енді

Әдемі екен өлеңің

Тыңдап тұрғым келеді

Бәрінеде жегізбей

Дос болғым менің келеді.

Бауырсақ:

-Жарайды, «Досы көпті жау алмайды» -деген

-Бірақ менің сендермен көңілді ойын ойнағым келіп тұр

-Ойынның аты «**Қимылын тап**» деген

Андардың қимылын тауып, музыка ырғағына сай көрсетесіңдер.

Автор:

-Балалар, ертегі сендерге ұнадыма?

-Ертегіде қандай кейіпкерлер бар екен?

-Түлкі бауырсақты жей алдыма?

-Бауырсақ кімдермен дос болды?

-Жарайсыңдар балақайлар! Әрқашан достығымыз ажырамасын!